

## Өскемен қаласын көркейту, жасыл желектерді қорғау ережелері туралы

### *Күшін жойған*

ІІІ шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының VII сессиясының 2004 жылғы 29 шілдедегі N 7/6 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 10 тамызда N 1912 тіркелді. Күші жойылды - Өскемен қалалық мәслихатының V сессиясының 2012 жылғы 24 мамырдағы N 5/2-V шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Өскемен қалалық мәслихатының V сессиясының 2012.05.24 N 5/2-V шешімімен.

Ескерту. Шешімнің атауына өзгерістер енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабына, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 3 бабының 2 тармағына сәйкес Өскемен қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) ш е ш і м і м е н .

1. "Өскемен қаласын көркейту, жасыл желектерді қорғау ережелері" б е к і т і л с і н .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) ш е ш і м і м е н .

2. Осы шешім өз күшіне Шығыс Қазақстан облыстық әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және 2004 жылдың 1 тамызынан бастап іске асырылады.

3. Қалалық мәслихаттың 1998 жылғы 8 қаңтардағы "Өскемен қаласын көркейту, санитарлық жағдайын қамтамасыз ету, жерлер, су қорларын, жасыл желектерді қорғау ережелері туралы", және 1998 жылғы 24 желтоқсандағы " Өскемен қаласын көркейту, санитарлық жағдайын қамтамасыз ету, жерлер, су қорларын, жасыл желектерді қорғау Ережелеріне толықтырулар енгізу туралы" шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

*Сессия төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

**Ескерту. Ереженің атауына өзгерістер енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.**

## **Өскемен қаласының көркейту, жасыл желектерді қорғау**

### **ЕРЕЖЕСІ 1. Негізгі түсініктер мен анықтамалар**

1. Аумақтарды көркейту - қала аумақтарындағы адамдар өміршеңдігін жайлы, қолайлы қамтамасыз ететін, жұмыстар мен элементтер кешені.

2. Инженерлік желілер мен құрылғылар - қала тұрғындары мен кәсіпорындарын жылумен, сумен, электр энергиясымен қамтамасыз ету, сондай-ақ, қала аумақтарынан жер беті суын жинау мен бұру үшін бағытталған, қаланың инженерлік көркейтуінің маңызды элементтері.

3. Жасыл желектер - санитарлық-гигиеналық, экологиялық шарттарды және көркейту мен сәулет ландшафты ресімдеу (көк шөп шығатын алаңдар, гүлзарлар, ағаштар, бұталар) деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін, қаланың жобалау шешімінің элементі.

4. Жер жұмыстары - аумақтарды қазу, үйінділерді жию, қайта жабу, қазаншұңқырларды өңдеуге байланысты жұмыстар.

5. Жер пайдаланушы - қала ішіндегі жер учаскелерін пайдаланатын, мақсаттары мен меншік түріне қарамастан, заңды немесе жеке тұлға (кәсіпорындар, ұйымдар, коммерциялық құрылымдар, жеке кәсіпкерлер, үй иелері, жалдаушылар, пәтерлер иелерінің кооперативтері және басқалар).

6. Үй иесі - жеке меншігінде үй құрылысы бар заңды немесе жеке тұлға.

Уәкілетті орган - атқарушы органның шешімімен белгіленген мемлекеттік мекеме.

**Ескерту. 6-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.**

7. Бөлінген аумақ - жер пайдаланушыға меншікке берілген, жер учаскесі немесе оған қатысты нысандарды орналастыру үшін өкілетті органның шешіміне сай пайдалану (ғимараттар, құрылғылар, көлік магистральдары және басқалар).

8. Бекітілген аумақ - заңды немесе жеке тұлғаға бөлінген аумақтар жетегіндегі, олармен пайдаланылатын, күту және қызмет көрсету үшін өкілетті органмен тіркелген жер учаскесі.

Қала ішінде бекітілген аумақтар:

1) қала көшелерінің аумақтары (жаяусоқпақтар, көк шөп шығатын алаңдар

және басқа да көркейту элементтері ұзындығы бойынша - құрылыс аумағы көлемінде, енінен - екі жақта құрылыс жүрген кезде өту жолдың ортасына дейін және бүкіл ені бойынша құрылыс бір жақта жүрген кезде, ал трамвай қозғалысы бар көшелерде - трамвай жолдарының ортасына дейін);

2) пәтерлер иелерінің кооперативтеріне, кондоминиумдарға және басқаларға бөлінбеген, аула ішіндегі аумақтар (бір аулада бөлінген аумақтар шекараларына теңбе-тең немесе тараптардың келісімі бойынша бекітілген, бірнеше жер п а й д а л а н у ш ы н ы ң б о л у ы );

3) белгіленген аумақтың периметрі бойынша 10 метр қашықтықтағы аумақ.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерістер енгізілді- III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4; 2005 жылғы 6 маусымдағы N 14/15 шешімдерімен.**

9. Көше-жолдың жүретін бөліктері, жаяусоқпақтар, жасыл желектер, аялдамалар, жер асты және жер үсті инженерлік желілер орналасқан қала а у м а қ т а р ы .

10. Қоғамдық орындар- жалпы пайдаланудағы демалыс аймақтары, парктер, саябақтар, алаңдар, жағажайлар және басқа нысандар.

11. Салынып бітпеген аумақ- негізгі жобалау нормасын қолдануды шектейтін , жер үсті және жер асты құрылыстарының барлық түрі жоқ аумақ.

## **2. Жалпы ережелер**

12. Осы ережелердің мақсаты қала аумақтарындағы адамдар өміршеңдігін жайлы, қолайлы қамтамасыз ететін, Өскемен қаласында көркейту тәртібін анықтау, жер жұмыстарын жүргізу және жасыл желектерді қорғау болып т а б ы л а д ы .

**Ескерту. 12-тармаққа өзгерістер енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) ш е ш і м і м е н .**

13. Үнемі тазалық пен тәртіпті қолдау мақсатында кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық және кооперативтік ұйымдардың ұжымдары, тұрғындар бөлінген және бекітілген аумақтар мен жасыл желектерді күтуге қатысуға міндетті болып с а н а л с ы н .

14. Меншік түріне қарамастан, кәсіпорындар, жеке меншік үй иелері сәулет және санитарлық нормаға сай, бөлінген және бекітілген аумақтар шекарасын өз е с е б і н е н ұ с т а у ғ а м і н д е т т і :

1) тұрғын, мәдени-тұрмыстық, әкімшілік, өнеркәсіптік және сауда ғимараттары, вокзалдар, әуежайлар, кемежайлар, стадиондар мен басқа да олардың аумақтарының маңындағы нысандар;

2) көшелер, алаңдар, өтетін жолдар, аула аумақтары, жаяусоқпақтар, жағажайлар, демалыс аймақтары мен көпшілік қыдыратын орындар, базарлар мен базар алаңдары, маңындағы аумақтармен қала зираттары, автокөлік т ұ р а қ т а р ы ;

3) қоршаулар, шарбақтар, көк шөп шығатын алаңдар қоршаулары, жарнаманың және жарнама қондырғыларының барлық түрі, ғимараттар мен ескерткіштерді декоративтік жарықтандыру бойынша қондырғылар, көшені жарықтандыру шамдары, маңдайшадағы жазулар, сөрелер, тірек бағандар, көшедегі сағаттар, ескерткіш тақталар, көше атауларының көрсеткіштері, үйлердің нөмір белгілері, бақты-саябақ отырғыштары, урналар, арбалар, науалар, жолаушылар көлігінің аялдамаларындағы отырғызатын алаңдар мен павильондар ;

4) жол желілері, су құбырлары, трансформаторлық қондырғылар, көшелер мен алаңдардың жол төсемдері, көше қозғалыстарын реттеу белгілері, телефон будкалары, радиотрансляциялық қондырғылар, антенналар, телефон байланыстарының будка-постылары және метеорологиялық қызметтер, диспетчерлік қызметтердің сөйлесетін қондырғылары, қайық, құтқару стансалары және басқа да гидротехникалық, инженерлік-техникалық және с а н и т а р л ы қ қ ұ р ы л ғ ы л а р ;

5) бөлінген және бекітілген аула аумақтары: оларды жүйелері көркейту, жөндеу, жинау, сыпыру, суару, жуу, қарды шығару және құм шашу, су ағар мен кәріздерді тазарту, қоқыс пен жапырақтарды жағуға жол бермеу;

6) қолданыстағы заңнамаға сай жасыл желектерді сақтау, себебі жасыл желектер олардың ведомстволық қатыстылығына қарамастан, жұмсалмайтын қор құрады және заңмен қатаң қорғалады;

7) толық кешенді агротехникалық іс-шаралар өткізу: суару, шырпу, діңдерді ағарту, тамырына жақын өскіндерді жұлу, тыңайтқыштар салу, діңнің айналасын қопсыту, улау және жараларын жабу, қуысын бітеу, көк шөп шығатын алаңдар ш ө б і н ш а б у ;

8) зиянкестер мен арамшөптерді (арамсоюу, амброзия, сора және басқа) жою жөнінде өз күштерімен немесе арнайы қызметтермен шарт бойынша жүйелі жұмыстар а т қ а р у ;

9) жыл сайын сәуір-мамыр айларында қала аумақтарын көркейту және санитарлық тазарту бойынша айлық өткізу;

10) қала аумақтарын көркейту, көгалдандыру бойынша байқау-конкурстар ө т к і з у ;

11) жер асты коммуникацияларының иелері дер кезінде жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін бұзылған көркейтуді қалпына келтіру.

**Ескерту. 14-тармаққа өзгерістер енгізілді - Өскемен қалалық мәслихатының**

2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

### 3. Қала аумақтарын жинау тәртібі

15. Кәсіпорындар (барлық меншік түріндегі), кәсіпорындар, қоғамдық ұйымдар, жеке пәтер иеленуші кооперативтері, кондоминиумдар, үй-жайлар иелері немесе жалдаушы жеке тұлғалар, азаматтар бөлінген және бекітілген арнаулы белгіленген орындарда орнатылған контейнерлік алаңшаларда өздерінің қалыпты контейнерлеріне қоқысты жинайды, аумақтарды жинайды және қоқысты өздері шығарады немесе штатта аула сыпырушыны ұстайды немесе бұл жұмыстарды арнайы кәсіпорындармен шарт негізінде орындайды.

Бөлінген және бекітілген аумақтарды жинаудан басқа, суару мен көшелерді, алаңдарды және басқа да аумақтарды жууды орындалуы керек.

**Ескерту. 15-тармақ толықтырылды- III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.**

16. Жетілдірілген төсемі бар, көшелер мен алаңдардың жүретін бөліктерін механикалық жинау жоспарлы түрде таңғы 4-тен 6-ға дейін және қажет болған жағдайда күн ағымында қайта жиналады.

Түнгі уақытта жинау кезінде (кезеңге қарамастан) шуды ескертетін шаралар қ о л д а н у к е р е к .

Көшелер, жаяусоқпақтар, алаңдардың жүретін бөліктерін жуу жоспарлы түрде, бірақ аптасына екі реттен кем емес механикалық қызметтермен сағат 24-тен таңғы 6-ға дейін жүргізіледі.

Шаңдануы көп болатын көшелерді суару күнделікті екі реттен кем емес жүргізіледі, соның ішінде күндіз бір реттен аз емес.

17. Көшелердің жол төсемін, маңайындағы көк шөп шығатын алаңдарын, жаяусоқпақтарды, еңісін, қоғамдық көлік қозғалыстарының қиылыстары (қызыл сызық) шекарасында, автобус аялдамаларының қалташалары мен отырғызу алаңдарын, алаңдарды, автожол көпірлерін, жолжелілерін, жер асты өтетін жерлерді, саябақтар, саяжолдар, бульварлар, зираттар аумақтарын жинау қала бюджетінің қаржысы есебінен жүргізіледі.

18. Теміржол жолы мен көпірлер, еңістер, үйінділер, өткелдер, жол арқылы өтетін жер, рельстер шетінен 10 метр ендіктегі аумақтар осы құрылғыларды пайдаланатын, теміржол ұйымдарының күшімен және қаржысымен жиналады.

19. Трамвай жолдарын, рельстер арасындағы төсемдерін, жеке тұрған трамвай жолындағы отыру алаңшаларын, жол өтпелері мен аумақтарын және рельстер шетінен екі жағына 0,5 метр ендіктегі аумақтарды тиісті техникалық және санитарлық қалпында ұстау, өздері қарамағындағы пайдаланушы ұйым

немесе

ведомство

жүргізеді.

**Ескерту. 19-тармаққа өзгерістер енгізілді- III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4; 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен**

20. Автобекеттерді, көлік шаруашылығының диспетчерлік пункттерін, диспетчерлік қызметтерімен сөйлесу құрылғыларын және оларға бекітілген аумақтарды жинау мен ұстау олардың теңгерімінде болып табылатын, көлік шаруашылығының ведомствосымен жүзеге асырылады.

21. Инженерлік-техникалық және гидротехникалық құрылғыларға жататын аумақтар маңын жинау мен ұстау (газгольдерлер, ТП және басқалар) осы құрылғылар иелерімен жүргізіледі.

22. Халыққа қызмет көрсететін, сауда нүктелері бар, жеке тұлғалар және басқа пункттер, сондай-ақ осы үй-жайларды жалдаушылар күні бойы тазалық сақтауы керек және жұмыс аяқталғаннан кейін 10 метр радиусты жиналған қоқысты өздерінің контейнерлеріне жинайды қоқыс пен батпақтан тазартулары қ а ж е т .

Ұсақ бөлшек сауда сататын дүңгіршектер, палаткалар, павильондар мен дүкендер маңына босаған ыдыстар мен тауарлар қорын үюге, сондай-ақ бекітілген аумақтарға үюге тыйым салынады.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгерістер енгізілді- III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.**

23. Қоғамдық дәретханалар мен тұрмыстық қатты қалдықтар полигонын тиісті жағдайда ұстау шарт негізінде, меншік субъектілермен қала бюджетінің қаржысы есебінен жүргізіледі.

24. Маңындағы базар алаңдарымен базар аумағын жинау, қалдықтар жинайтынды тазарту және оларды тиісті ұстауды базардың меншік иесі жүргізеді . Базарлар аумақтарының (соңын ішінде шаруашылық, базар алаңдары) қатты төсемдері (асфальт, плитка, булыжник және басқа) болу керек.

Жылдың жылы кезінде міндетті түрде сыпырудан басқа, базар аумақтарын ж у у жү р г і з і л е д і .

25. Көркейтудің орындалған жобаларына сай, жағажайлар, демалыс аймақтары, көпшілік қыдыратын жерлер аумақтарында:

1) 75 келушіге бір орын есебімен, жағажайда-суға түсетін жерге 200 метрден кем емес қашықтықта қоғамдық дәретханалар;

2) ара қашықтықтары 40 метрден аспайтын, 600 шаршы метрге бір урнадан кем емес у р н а л а р ;

3) 3500-4000 шаршы метр алаңға бір контейнер есебінен қалдықтар жинағыш, киім шешетін орын, гардероб болу керек;

4) стационарлық дәретханалар жоқ қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарда,



ашық алаңдарда, кәуәп жасайтын орындарда, киоскілерде, сауда павильондарында және т.б. қызметкерлер мен келушілерге міндетті шарттың бірі көшірмелі дәретхана орнату болып табылады;

5) канализациясы жоқ рыноктарда - қоғамдық дәретханалар сауда орнынан 50 м кем емес қашықтықта орналастыру керек. Есептеу орынның саны әр 50 сауда орнына бірден аз болмау керек.

**Ескерту. 25-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.**

26. Жағажайлар, демалыс аймақтары мен көпшілік қыдыратын орындар аумақтарын жинау, сондай-ақ күнделікті таза құм немесе ұсақ тас себу, жиналған қалдықтарды алып, құмның үстіңгі қабатын механикалық қопсыту осы аумақтар бекітілген ұйымдармен белгіленген заң тәртібінде жүргізіледі.

Жағажайдың техникалық жұмысшылары оны жапқаннан кейін жағаның, шешінетін орындардың, дәретханалардың, жасыл аймақтың негізгі жинауын, дәретханаларға дезинфекция жүргізу керек. Жиналған қоқыстарды шығаруға сағат 8.00-ге дейін рұқсат беріледі.

**Ескерту. 26-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.**

27. Жағажайлардағы, саябақтар, саябаулар, демалыс аумақтары мен көпшілік қыдыратын орындардағы сауда нүктелерін жинау, міндетті түрде қоқысты шығару, күн ағымында сауда сатқан мекемемен жүргізіледі.

28. Стадиондар, спорт алаңдарын ұстау және жинау теңгерімінде ұсталатын техникалық персоналдармен жүзеге асырылады.

29. Кооперативтік гараждың, саяжайлардың, жасыл желектермен бау-бақша қоғамдарының бөлінген және бекітілген, радиусы 10 метр аумақтарын ұстау және жинау меншік иелерімен немесе осы кооперативтердің қоғамдық ұйымдарымен және қоғамдармен атқарылады.

30. Тұрғын және қоғамдық ғимараттар ауласының ішінде темір гараждар мен жерқоймалар орнатуға тыйым салынады. Өз еркімен орнатылған гараждар мен жерқоймалар бұзылады.

31. Бөлінген және бекітілген зираттар аумақтарын ұстау мен жинау қала бюджетінің қаржысы есебінен жүргізіледі.

Зираттар аумақтары қоршалған болу керек, өтетін жолдарда қатты жамылғылар болу керек.

#### **4. Қоқыстар мен тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару тәртібі**

32. Тұрғын үйлерден, сауда және қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарынан, балалардың оқу, емделу мекемелерінен, мәдени кәсіпорындардан, қоғамдық ұйымдардан тұрмыстық қатты қалдықтар полигонына қоқыстар мен тұрмыстық қалдықтарды шығару арнайы кәсіпорындармен шарт бойынша жүргізіледі.

Арнайы кәсіпорынмен шарт жасаған кезде ҚТҚ полигонға жеткізу үшін, ҚТҚ жинаған орнын көрсету қажет. ҚТҚ өзінің арнайы көлігімен шығарған кезде қолданыстағы ҚТҚ жинау нормасына сәйкес, тұрғын үй секторындағы тұрғындардың санына пропорционалды қоқыс төгетін жерге қабылдағаны туралы ҚТҚ полигонының түбіртектері болу қажет.

**Ескерту. 32-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.**

33. Қоқыс және қалдықтарды жинау үшін контейнерлер орнату үй иелерімен, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер басшыларымен, жеке тұлғалармен шарт бойынша, баланстарында контейнерлер бар арнайы кәсіпорындармен жүзеге асырылады.

Әр кәсіпорынның, қоғамдық ұйымның, ЖПИК-нің, кондоминиумның және басқа құрылымдардың өз баланстарында бөлінген жерде контейнерлер міндетті түрде болу керек.

**Ескерту. 33-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.**

34. Контейнерлер орнататын алаңдардың су өткізбейтін қатты жабуы және кіретін жолдары болу керек, сәулет және қала құрылыстары басқармасымен, мемлекеттік санитарлық қадағалау органдарымен келісім бойынша құрылыстардан 20 метр қашықтықта, бірақ 100 метрден артпауы керек және үй иелерімен және басқа да жер пайдаланушылармен ұсталады.

35. Контейнерлер, қоқыс жинайтын ыдыстар дер кезінде баланс ұстаушылармен тазаланып, бүлінбеген жағдайда ұстап және улау керек.

36. Қалада тұрмыстық-қатты қалдықтарды жинау мен төгудің, оларды белгіленген кезеңмен тапсырыссыз қалдықтар жинайтын нысандар аумақтарынан шығарудың жүйелілігі қарастырылатын, жоспарлы-жүйесі пайдаланылады:

1) тұрғын үйлер кеңістіктері үшін- үй иелерімен бекітілген кестеге сай, контейнерлерде қоқыс және тұрмыстық қатты қалдықтардың үйіліп қалуын болдырмау;

2) қоғамдық және мәдени бағыттағы нысандар үшін- қажет болған жағдайда, бірақ аптасына 2 реттен аз емес;

3) аз қабатты құрылысты үй иелері үшін- қажет болған жағдайда, бірақ аптасына 1 реттен аз емес;

4) ірі көлемді тұрмыстық қатты шығару тапсырыс бойынша жүзеге



а с ы р ы л а д ы ;

5) камералардан қалдықтарды шығару орнының маңындағы камераларды, қоқыс құбырларын, қоқыс жинайтынды және аумақтарды ұстау үй иелерімен жүзеге асырылады ;

6) жекелеген жағдайларда қоқыс және тұрмыстық қатты қалдықтар жинау және шығару қатаң сағат кестесімен қолмен тиеліп, қоқысты тасымалдауға жабдықталған автокөлікпен орындалуы мүмкін;

7) қаладағы сұйық қалдықтар арнайы кәсіпорындармен шарт бойынша шығарылады ;

8) дәретханалар және құбырлы шұңқырларға кіреберістерді қамтамасыз ету жеке меншік құқындағы үй иелері мен маңындағы жер учаскелері бар азаматтармен жүзеге асырылады .

37. Арнайы кәсіпорындармен қызмет көрсетуге қамтылған жеке тұлғалар, қоқыс және тұрмыстық қатты қалдықтарды шығаруды арнайы жабдықталған көлік құралдары бар болған жағдайда, өз күшімен және қаражатымен орындайды .

Қалалық қоқыс төгетін орынға қоқыс шығару ісі тиісті құжаттармен расталуы керек.

## **5. Қыс жағдайында аумақтарды жинау және ұстау**

38. 16 қарашадан 15 сәуір аралығындағы кезеңде қала аумақтарын жинау, қоқыс, қар, мұз, балшық және құм шығару сағат 6-дан 21-ге дейін және қажет болған жағдайда күні бойы жүргізілуі керек.

Ауа райының жағдайларына байланысты бұл жинау тәртібі өзгеруі мүмкін.

39. Басылып қалмау үшін қар күреу қар жауа бастаған кезден басталады және барлық меншік субъектілермен қар жауып болғанға дейін үзіліссіз жалғасады. Жаңа түскен қарды дуал және үйме етіп барлық көшелер мен алаңдарға жинап, қар жауып болғаннан кейін тез арада жинап алуға рұқсат етіледі.

Өткелдер мен жолдарға үйіп тастауға, көк шөп шығатын алаңдарға қар мен мұзды жинауға тыйым салынады .

40. Төбелердегі қарды тазарту және төбелердегі, жиектер мен су ағатын құбырлардағы бұлттықтарды алу, жүргіншілердің бақытсыз жағдайда душар болуына жол бермейтін және ауа желілері, шырақтар, жасыл желектерге нұқсан келтірмеу шараларын міндетті түрде сақтап, ғимараттар мен құрылыстар иелері мен жалдаушылар күшімен және қаржысымен жүйелі түрде жүргізілуі керек.

Төбеден түсірілген қар тез арада шығарылуы керек. Қар, мұз шығару су нысандары мен аумақтарын ластандырмау үшін жергілікті басқару органдары белгілеген орынға апарылады .

41. Көшелер, алаңдар, көпірлер мен жолжелілерінің жүретін бөліктерін, жол қиылыстары, өрлеу және еңістер, жаяусоқпақтар, жүргіншілер өткелдерін, баспалдақтарды механикалық тазарту және құм себу жоспарлы түрде арнайы кәсіпорындармен қала бюджетінің есебінен жүргізіледі.

42. Меншік түріне қарамастан, жеке және заңды тұлғалар жаяусоқпақтар, өткелдер, алаңдар, бөлінген және бекітілген аумақтарда орналасқан, басқа да адамдар көп жиналатын жерлер мен өткелдерді механикалық жинау құм себуге арнайы кәсіпорындармен шарт жасасуы мүмкін немесе осы жұмыстарды өз к ү ш і м е н а т қ а р а д ы .

43. Жер пайдаланушылар бөлінген және бекітілген аумақтарда тайғаққа қарсы іс-шаралар (мұз, қар, жару, тайғақ жерлерге инерттік материалдар себу) қ а р а с т ы р у ғ а м і н д е т т і .

44. Қардан қала көшелерін тазартуға кедергі келтіретін, қала көшелерінде бей-берекет автокөліктер қоюға тыйым салынады.

## **6. Көшелер, жолдар, жол құрылғыларын пайдалану тәртібі және оларды ұстау мен қорғау тәртібі**

45. Көшелер мен жолдар олардың құрамына кіретін барлық құрылғылар мемлекет меншігі болып табылады және жалпы қолдануға бағытталған. Көшелерді, жолдарды және құрылғыларын пайдалану, оларды ұстау мен қорғау тәртібі жол қозғалысы Ережелерінің талаптарына сай қабылданған, осы Ережелерді сақтаумен жүзеге асырылуы қажет.

46. Инженерлік құрылғылармен көшелерді, жолдарды пайдаланушылардың барлығының міндеті көлік қозғалысының үзіліссіздігін қамтамасыз ету болып т а б ы л а д ы :

1) көшелер, жолдар мен жол құрылғыларына, жол қозғалыстарын реттейтін белгілер, құралдар, жасыл желектер мен басқа жол құрылымдарына нұқсан к е л т і р у ғ е ;

2) көшелер мен жолдарды қандай-да бір заттармен, құрылыс материалдарымен, машиналармен қоршап немесе үйіп тастауға;

3) белгіленген шекаралардан артық жұмыстар орындауға;

4) жерді және ағаштарды, бұталарды, көк шөп шығатын алаңдарды, құдықтар люктерін, су ағатын торларды, науалар мен қыраттарды, су өткізетін құбырлар мен дренаждарды құрылыс материалдармен жабуға;

5) көшелер мен жолдардың өтетін бөлігіне кәріздік, өндірістік және іркілген с у л а р д ы а ғ ы з у ғ а ;

6) жол төсемдерін бұзуға байланысты жұмыстарды келісімінсіз жүргізуге;

7) жолдардың жүру бөлігіне лас шығаратын көлік құралдарын шығаруға;

8) МемСТ белгілеген немесе тыйым салынатын белгілерде көрсетілген, жалпы габариті, білікке салмағы мен жүк салмағы нормадан артатын көлік құралдарының көшелер мен жолдардан өтуіне;

9) көшелер мен жолдардың белгіленбеген орындары арқылы және жиек тастар арқылы өтуге, көлік құралдары мен басқа техникалардың кіруіне және шығуына ;

10) жаяусоқпақтарда, жүргіншілер жолдарында, бөлік жолақтарында, көк шөп шығатын алаңдарда, тұрғын үйлер, дүкендер, дәріханалар, базарлар, қызметтік ғимараттар маңын жалпы қолдану орындарына көлік құралдарын қоюға ;

11) көшелер мен жолдарды ластайтын, тиісті орауы жоқ төгілетін және басқа да жүктерді тасымалдауға ;

12) қысқы уақытта қызыл судан өтетін бөлігін тазарту үшін айрықша жағдайдан басқа, шынжыр табанды техниканың өтуіне тыйым салынады.

47. Қала көшелері мен жолдарының жол жабуын ұстауды қадағалау теңгерімде ұстаушымен және ішкі істер басқармасы жол полициясы бөлімімен үнемі қадағалау және жүйелі тексеру арқылы жүзеге асырылады, мақсаты:

1) қалалық көліктер мен жүргіншілердің тәулік бойы, үзіліссіз, қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету ;

2) жол жабуларын ерте тозу мен бұзылудан сақтау ;

3) қалалық көлікті дамыту талаптарына сай, қала жолдарының жағдайын жүйелі жақсарту ;

4) жол жабуларының қалыпты жағдайынан оларды жою үшін дер кезінде ақаулар мен бүлінуді анықтау, жекелеген жағдайларда (жолдың жүретін бөлігінің құлаулы, көк тайғақ, апат жағдайында көшелер мен жолдардың бүлінуі) қорғалыстың қалыпты жағдайларын қалпына келтіру бойынша шұғыл шаралар қабылдау үшін көшелердің жекелеген учаскелерінде көлік қозғалыстарын шектеу мен тыйым салу.

## **7. Қала аумақтарында кіші сәулеттендіру түрлерін орнату мен ұстау тәртібі**

48. Сыртқы көркейтудің барлық құрамы, соның ішінде ғимараттардың қас бетін жөндеу қала аумақтарының құрылыс тәртібін анықтайтын Ережелерге сәйкес орындалуы керек .

Балансында құрылымдары бар, үй жайларды жалға алатын меншік түрінен тәуелсіз кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер, заңды және жеке тұлғалар көшелер, алаңдар, жағалаулар мен басқа қоғамдық орындарға шығатын ғимараттардың қасбеттерін мерекелік әшекейлеу бойынша жұмыстарды орындауға ерікті.

Ескерту. 48-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4; өзгеріс енгізілді - 2005 жылғы 6 маусымдағы N 14/15 шешімдерімен.

49. Қоршаулар, қорғандар, дүңгіршектер, дүкеншелер, шатырлар, павильондар, урналар, баубақ-саябақ отырғыштары, жарнама стендтері, маңдайшадағы көркемдеулер, әр түрлі көрнекі және басқа құрылғыларды орнату қалалық сәулет және қала құрылысы басқармасымен келіскеннен кейін ғана салу мен орнатуға жол беріледі.

50. Сыртқы көркейтуден барлық құрамы дұрыс жағдайда ұсталып, жылына бір реттен кем емес жаңартылуы керек.

51. Барлық алаңдар мен көшелерде, бақшалар, саябақтарда, бекеттер, әуежайлар, базарлар, қалалық көлік аядамалары мен басқа орындарда, кісі көп жүретін жерлерде 40 метрден, кісі аз жүретін жерлерде-100 метрден артық емес қашықтықта жеткілікті саны бар урналар қойылуы керек.

Қалалық көлік аядамаларында, жер асты өтетін жерлерде, дүкендер, дүкеншелер, дүңгіршектер, кіреберістер маңында урналар орнату міндетті. Жер пайдаланушыларға бөлінген және бекітілген аумақтарда олардың өздерімен, жалпы пайдаланатын жерлерде қала бюджеті есебінен урналар орнатылады.

52. 3/4 көлемге урналардың толуына жол беріледі. Урналарды таза және дұрыс ұстау мен орнату, олардың сақталуына бөлінген және бекітілген аумақтардағы жер пайдаланушылар, жалпы пайдаланатын жерлерде осы учаскелерді шарттық жағдайлармен қала есебінен жинайтын кәсіпорындар жүзеге асырады.

53. Тұрғын, қызметтік, өндірістік және басқадай ғимараттардың иелері екі тілде кәсіпорын атауы бар маңдайшалардың болуына жауап береді және оларды дұрыс жағдайда ұстауға міндетті.

54. Жарнама қондырғылары, маңдайшадағы жазулар және басқадай көрнекілік қондырғылар иелерімен әдемі, жалпы стильде, қажетті мөлшердегі ақпараттары бар болып орындалуы керек.

## **8. Жол жабуларын, жаяусоқпақтарды, көк шөп шығатын алаңдар мен басқа да нысандарды, қалалық шаруашылық элементтерін бұзуға байланысты, жұмыстарды жүргізу тәртібі**

55. Заңды және жеке тұлғалар қала аумақтарында жол жабуларын, жаяусоқпақтарды, көк шөп шығатын алаңдар мен басқа нысандарды, қалалық шаруашылық элементтерін бұзуға байланысты, жер жұмыстарын, немесе басқадай жұмыстарды өкілетті органмен берілген, жазбаша рұқсат берілген кезде ғана жүргізіледі.

56. Қалпына келтіру жұмыстарын кідіріссіз жүргізуді талап ететін, инженерлік жүйелерде апат болған кезде, жол жабуларын ашуды, көшелер, алаңдарды және басқа да жалпы пайдаланудағы орындарды қазуға келісу беретін , ұйымдар өкілдерін сол орынға шақыру керек. Жұмыстар жүргізуге сол орында рұқсат (ордер) алғаннан кейін ғана жұмыстар жүргізуге рұқсат етіледі. Апаттық жұмыстарды жүргізу орнында қандай да бір үйілген немесе қандай да бір мүлкі бар меншік түріне қарамастан, заңды және жеке тұлғалар осы учаскені бірінші талап бойынша тез арада өз күшімен босатуға міндетті.

Тез арада апатты жоюды қажет ететін, қаланың өміршеңдігін қамтамасыз ететін қаланың маңызды нысандары үшін ерекше жағдайда, келісім беретін, ұйымдар өкілдерінің қатысуымен рұқсат беруді (ордер) ресімдеусіз, одан әрі 24 сағат ішінде жұмыстарды жүргізуге рұқсат беруді ресімдеп, апатты жоюға кірісуге жол беріледі.

57. Инженерлік желілер, жолдар, жаяусокпақтар құрылысын немесе қайта құру бойынша жұмыстарды жоспарлаған барлық заңды және жеке тұлғалар, жоспарланған жылдың алдында келетін 15 қарашасына дейін және екінші рет жоспарланған жылдың 1 наурызында қажетті сызбалар қосымшасымен жұмыстарды орындауға белгіленген мерзімді көрсетіп уәкілетті органға тапсырыс беруге міндетті.

Тапсырыс бермеген ұйымдарға жер жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

58. Көшелер, алаңдар және басқа да жалпы пайдаланудағы орындар құрылысы бойынша жұмыстармен жер асты инженерлік желілер төсеу жөніндегі жұмыстар жүргізу уақытын байланыстыру үшін және салынған жылы асфальтбетонды жабуды қопауды болдырмауға және салынғаннан кейін 5 жыл ішінде, осы жұмыстарды белгілеген қала ұйымдары ағымдағы жылдың алдында келетін жылдың 1 наурызынан кеш емес, күрежол және мекен-жай тізімдерін қоса, жұмыстарды орындау белгіленген мерзімін көрсетіп тапсырыс беруге міндетті.

59. Көлік қозғалыстарын шектеуге немесе жабуға байланысты жағдайда көшелерде жұмыстар жүргізу кезінде, тапсырыс беруші автокөлік қозғалысын жабуға қалалық әкімдікпен тиісті өкім ресімдейді, ал қоғамдық көлік қозғалыстарының бағытын өзгертуге қажет болған жағдайда- бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қала тұрғындарын хабардар етеді.

60. Қалалық шаруашылық нысандары, элементтері ордерде көрсетілген жұмыс мерзімінің соңында тиісті жағдайға келтірілуі керек. Мерзімі өтіп кеткен ордер бойынша жұмыстар жасау өз еркімен қазу болып саналады. Ордерді ұзарту осы Ережелерді бұзушы кінәлілер жауапқа тартылғаннан кейін жүзеге асырылады.

61. Инженерлік жүйелер мен құрылғылардың зақымдануын ескерту және

байқауға қажетті шаралар қабылдау үшін жұмыс жасаушы бір тәуліктен кеш емес, жұмысты бастағанға дейін сол орынға мүдделі ұйымдардың өкілдерін шақыруға міндетті. Солармен бірлесе отырып, қолда бар жүйелер мен құрылғылардың нақты орналасқан жерін анықтайды және олардың толық сақталуына шаралар қабылдайды.

62. Жұмыстарды жүргізуші жұмысты бастағанға дейін келесідегілерді орындауға міндетті:

1) құрылыс аландары барлық өлшемдер бойынша ескертетін белгілермен бекітілген үлгімен қатты қоршаулармен қоршаулы керек, өтіп жатқан көліктен көшені ластамау үшін қолайлы болу керек;

2) ереже бойынша өтетін жолдар қосымша көшелерге шығып және шлагбауммен жабдықталуы керек. Қоршауларда өтетін жолдар аз мөлшерде болу керек;

3) құрылыс ұйымдары үшін құрылыс немесе күрделі жөндеу кезінде балшықтан күнделікті тазарту үшін салынып жатқан нысанның осы және басқа жағында ұзындығы 600 метр негізгі магистраль жолдың учаскесі бекітіліп беріледі;

4) жүргіншілер жүретін орындарда бір бірінен 200 метрден аспайтын қашықтықта жүргіншілер көпірі орнатылады және түнгі уақытта құрылыс немесе күрделі жөндеу учаскесін жарықпен қамтамасыз ету;

5) жаңбыр суы ағатын кәріздердің үзіліссіз жұмысын қамтамасыз етуге шаралар қолдану;

6) жұмыс аймағында жасыл желектер бар болса, оларды қалқандармен қоршау, олардың сақталуына кепілдік беру;

7) өтетін жолдар немесе жүргіншілер қозғалысының жүйелерін жабу қажеттілігі кезінде айналма жолдар дайындау және айналма жолды тиісті белгілермен айқын белгілеуге.

63. Жұмыстарды жүргізу қолданыстағы нормалар мен ережелерде, сондай-ақ ордерде көрсетілген шарттарға сай жүргізіледі.

64. Жолдың алынған асфальті мен топырағы, қайта салуға жарамсыз болғандықтан, жұмыс үрдісіне шығарылады. Жиектер мен жаяусоқпақ тастары бөлшектелінеді, үйіледі және сақтау мен қайта пайдалану үшін акт бойынша өткізіледі. Жасыл желектерге, су ағатын торларға, науаларға және т.б. топырақ пен құрылыс материалдарын үюге тыйым салынады. Аталған құрылғылардың элементтерін қорғау үшін люктер мен құдықтарға баруды қамтамасыз ететін ағаш қалқандар мен қораптар қолданылуы керек.

65. Жер асты жүйелер мен құрылғыларға, сыртқы көркейту элементтерін бұзғаны үшін ордер алған ұйым жауап береді. Зақым келтірудің әрбір жағдайында мүдделі ұйымдар өкілдерінің қатысуымен зақым келу себебі, кінәлі



адам, зақым келуді жою бойынша шаралар, қалпына келтіру құнының мерзімдері көрсетілген, акт жасалады.

Зақым келуді жою бойынша мерзімі мен техникалық шарттарды сақтамаса, кінәлі адамдар барлық қалпына келтіру құнын өтейді. Жабулар мен көркейту элементтерін бұзуды қалпына келтіру топырақпен қайта жабу жұмыстарын аяқтағаннан кейін екі тәуліктен кеш емес басталуы керек. Қалпына келтіру жұмыстарының сапасына ордер алған ұйым жауап береді.

66. Қала бюджеті есебінен бұзылған және зақымданған қалалық шаруашылық нысандарын қалпына келтіру бойынша жұмыстар жүргізілген жағдайда барлық шығындар ордер алушы-ұйым есебінен өтеледі.

67. Жұмыстар жүргізу мерзімі қолданыстағы құрылыс ұзақтығының нормасына сай күнтізбелік кесте негізінде белгіленеді. Екі айдан астам жұмыс уақытымен құрылыс немесе жер асты коммуникацияларды жөндеу кезінде, олардың барлық жұмыс кешенінің аяқталуына байланысты учаскелеріне ордер беріледі.

68. Жол төсемдері, жаяусокпақтар мен алаңдар орнатылғаннан немесе күрделі жөндеуден кейін бес жыл ішінде жол жабуларының бұзылуына байланысты жұмыстар жүргізуге тыйым салынады, қала әкімінің рұқсаты бойынша ерекше жағдайлардан басқа.

69. Өкілетті орган қазылған жерлердің жабуын қалпына келтіруге жұмыстарды қабылданғаннан кейін ғана рұқсат беріледі. Қалпына келтіру жұмыстарының сапасына, жабулардың шөгуіне және сынының бұзылуына осы жерді қазған ұйым жауап береді.

70. Жұмыстарды орындау шарттарын бұзған жағдайда, қалпына келтіру сапасыз немесе қалпына келтіру мерзімдері бұзылса, өкілетті органның басталған жұмыстарды тоқтатуға, жіберілген бұзушылықты жоюды талап етуге, келтірілген зиян шығынын өндіріп алуға, кінәлі адамдарды әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартуға шаралар қолдануға құқылы.

71. Қалпына келтіру жұмыстарын орындаудың сапасы өкілетті органмен қабылданады.

72. Жол жабуларын қопару және көшелер, алаңдар мен жалпы пайдаланудағы басқа орындарды қазу бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдар мен кәсіпорындар жұмыс жүргізетін орындарға ақпарат қалқандарын орнатуы керек.

## **9. Жасыл желектерді ұстау мен қорғау тәртібі**

73. Жасыл желектер жалпы халықтық игілік, маңызды сауықтыру факторы және қаланың әшекейі болып табылады. Оларды қорғау мен сақтауға- әрбір заңды және жеке тұлға міндетті.

74. Жасыл желектерді ағымдағы ұстау, қорғау мен өсіру жер пайдаланушылар иелеріне, заңды және жеке тұлғаларға аумақтарда бекітілген:

1) тұрғын шағын аудандардағы, тұрғын үйлер алдындағы көшелердегі құрылыстардан жаяусоқпақ сызығына дейін- пәтерлер иелерінің кооперативтеріне, тұрғын үй қорының иелеріне;

2) жалпы пайдаланудағы нысандарда (саябақтар, саяжолдар, саябаулар және т.б.) және жаяусоқпақ сызығына дейінгі көшелер бойы- қала бюджетінің есебінен шарт негізінде жұмыстар атқаратын кәсіпорындарға;

3) өндірістік кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер мен басқа да әртүрлі меншік түріндегі нысандар, сондай-ақ оларға бекітілген аумақтар мен санитарлық-қорғау аумақтары- кәсіпорындар басшыларына және осы нысандар иелеріне;

4) жұмысты бастаған күннен бастап, құрылысқа бөлінген аумақтарда тапсырыс беруші немесе оның сенімімен бас мердігер- құрылыс ұйымына жүктеледі.

75. Құрылыс салатын жерлерге жататын жасыл желектердің кесуі мен көшіріп отырғызуына, жер асты коммуникациялар мен инженерлік жүйелердің салуына мүдделі ұйымдармен келісу бойынша өкілетті органның рұқсаты болған жағдайда жол беріледі. Жасыл желектердің көшіріп отырғызуға жарамдылығын немесе кесуді комиссия анықтайды.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

76. Алынып тасталды - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

77. Жасыл желектерді кесуге рұқсат алған жағдайда тапсырыс беруші жасыл желектердің бағалау құнын төлейді немесе кейінгі күтіп-баптау жұмыстарымен берілген рұқсаттың шарттарына сәйкес тең бағалы қалпына келтіруші көгалдандыруды жүргізеді.

Меншік түрінен тәуелсіз, жер жамылғысының бұзылуына байланысты өндіріс немесе басқа құрылыспен айналысатын құрылыс және басқа ұйымдар жасыл құрылыста пайдалану үшін жердің құнарлы қабатын алу және сақтау, сонымен бірге жұмыстарды жүргізген кезде бұзылған жер телімдер мен жасыл желектерді құрылысты бітіргеннен кейін жедел өзінің қаражат есебінен қалпына келтіруге міндетті.

Ескерту. 77-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4; өзгерістер енгізілді 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен.

78. Жасыл желектерді өз еркімен кескен, кінәлі адамдар қолданылып жүрген

заңнама бойынша жауап береді.

79. Жұмыстар жүргізу кезінде заңды және жеке тұлғалар:

1) зақымданудан жасыл желектерді қоршауға;  
2) қала жолдарын, жаяусоқпақтар, өтетін жерлер, алаңдар және т.б. салу және асфальт төсеу кезінде диаметрі 1 метрден аз емес баған ұяларын қалдыру, орнату қажет болса, яғни жасыл желектердің қалыпты өсуі үшін қондырғыны қарастыруға міндетті.

80. Жер пайдаланушылар бекітілген аумақтарда жасыл желектерді күтуге міндетті, соның ішінде:

1) қоқыс жинау, тырнауышпен көк шөп шығатын алаңдарды тарау, қураған жапырақтарды жинау, арамшөптерді жұлу, көк шөп шығатын алаңдардың шөбіншабу, буталарды қыркуға;

2) ағаштардың баған түптерінде ұялар жасап, топырақты қопсытуға;

3) жасыл желектер, көк шөп шығатын алаңдар, гүлзарларды суаруға;

4) ағаштар басын қию, құрғаған бұталарды, өскіндерді, қиылған буталарды кесуге;

5) ағаштарды, бұталарды жасарту (мамандар кеңесі бойынша);

6) ауыру және құрғаған ағаштарды кесуге (комиссия актісі бойынша);

7) өсіп тұрған жасыл қордың ағаштары мен бұталарын жөндеп отырғызуға.

8) ауыл шаруашылық зиянкестер және аурулармен, карантиндік арамшөптермен өз күштерімен немесе өсімдіктерді қорғау станцияларымен шарт жасау бойынша жүйелі күрес жүргізілсін.

Көгалдарда, саябақтар мен басқа жасыл желектердің жерлерінде көлік құралдарын қоюға тыйым салынады;

9) жапырақтар түсу кезінде түскен жапырақтарды уақытылы жинау керек. Жиналған жапырақтар арнайы бөлінген телімдерге немесе компостау даласына шығарылсын. Тұрғын үй құрылысы аумағында, саябақтар мен парктерде жапырақтарды жағуға тыйым салынады;

10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес жасыл қордың сақталуы қамтамасыз етілсін.

**Ескерту. 80-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 ; өзгерістер енгізілді 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімдерімен .**

81. Кез-келген бағыну аумағында жасыл қордың сақталуына және жасыл желектерді ұстау ережелерін сақтауға бақылау жасау өкілетті органмен, жер пайдаланушылармен және жалдаушылармен жүзеге асырылады.

82. Жасыл желектер аумағында:

1) құрылыс материалдарын, топырақ, отын, көпір және басқа заттарды үюге;

2) көк шөп шығатын алаңдарды, гүлзарларды, баған түбіндегі ұяларды  
л а с т а у ғ а ;

3) көк шөп шығатын алаңмен жүруге, ағаштарды, бұталарды сындыру мен  
кесуге, басқа да механикалық зақым келтіруіне;

4) ағаштар мен бұталарды өз еркімен кесуге;

5) қоршауға, гүлдерді жұлуға, көп жылғы гүлдердің түбірлері мен  
б а д а н а л а р ы н қ а з у ғ а ;

6) көк шөп шығатын алаңдар мен гүлзарларға автокөлік қоюға;

7) жапырақтарды өртеу, көк шөп шығатын алаңдарда көкөніс өсіруге,  
ағаштарға сым, алтыбақан, жіп, жарнама мен кестелер бекітуге, баубақ-саябақ  
м ү л к і н б ұ з у ғ а ;

8) жалпы қолданылатын жерлерде құстар мен малдарды бағуға, иттерді  
қ ы д ы р т у ғ а ;

9) көк шөп шығатын алаңдар мен гүлзарларға бетон немесе цемент ерітіндісін  
дайындауға тыйым салынады.

## **10. Инженерлік жүйелер, құрылғылар мен коммуникацияларды ұстау тәртібі**

83. Ведомстволардың, кәсіпорындардың инженерлік құрылғылары мен  
коммуникацияларына олардың иелерімен қызмет көрсетеді.

84. Қаланың көркейтуін бұзуы мүмкін, инженерлік коммуникациялары мен  
құрылғылары бар заңды және жеке тұлғалар, олардың техникалық жағдайларын  
жүйелі бақылауға міндетті, атап айтқанда:

1) аумақтарды су басуға жол бермеу;

2) бөлінген және күзетілетін аймақтардың санитарлық жағдайын бақылау;

3) люктердің қақпақтары, құдықтар мен камералардың жабуы, жаңбыр суы  
ағатын кәріздер торлары жол төсемдерінің деңгейінде және үнемі дұрыс  
жағдайда ұсталуын бақылау;

4) оларды тез анықтау үшін құдықтарға белгі жасау;

5) құру, қайта жабу мен пайдалану ережелерін сақтамау салдарынан бұзылуы  
мүмкін жер асты жүйелерінің қатты немесе топырақ жабуларының жағдайын  
б а қ ы л а у .

85. Жер асты инженерлік желілерін төсеу және қайта орнату жұмыстарының  
жүргізу қолданыстағы техникалық шарттарға сай қатаң жүргізілуі керек.

86. Автожолды, алаңдарды және жалпы пайдаланудағы басқа орындарды  
қайта құруды бастағанға дейін жер асты коммуникацияларын салу, күрделі  
жөндеу, қайта құру жүргізілуі керек.

87. Қатты төсемді аумақтарды күрделі жөндеу немесе қайта құру кезінде

талап етілетінге дейін инженерлік жүйелер құдықтарының люктерін белгілеуді жүргізу, коммуникациялардың күзетілетін аймақтарының ендігіне көк шөп шығатын алаңдарды, жаяусоқпақтарды, авиажолдарды қалпына келтіру жөндеуге тапсырыс беруші есебінен жүргізіледі.

88. Көшелер мен жолдардан жер беті суын және ыза суларды қашыруға бағытталған арналар, құбырлар, кәріздер жинау мен тазарту, қала бюджеті есебінен қалалық қоқыс төгетін орынға тез арада шығару қажеттілігіне байланысты қатты тұнбаларды шығару. Аулаларда және басқа да жер пайдаланушыларға бөлінген және бекітілген аумақтарда су өткізетін құбырларды жер пайдаланушылар жүргізеді.

Шағын аумақ шекарасы шегінде жалпы қала аумағы бойымен өтетін коллекторларды, жаңбыр суын қабылдағыштарды тазарту қала бюджеті есебінен жүргізіледі.

89. Қаланың сутартқы құдығының қасындағы радиусы 5 метр аумақты мұздан (қыс уақытында) және қоқыстан тазарту және оларды шығару, құдықтарға кіреберіс жолды ұстау сутартқы құдықтарының иелерімен жүргізіледі.

90. Өндірістік кәсіпорындар алаңынан ауа сулары шаруашылық нәжіс кәріздеріне түсу керек. Бұл суларды қалалық жаңбыр суы ағатын кәріздерге жіберуге жол берілмейді.

## **11. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын ұстау**

91. Қала көшелерінде, алаңдарында, саябақтарында, саяубауларында сыртқы жарықтандыру қондырғыларын ұстау, қызмет көрсету, ағымдағы және күрделі жөндеу қала бюджетінің қаржысы есебінен арнайы кәсіпорындармен жүзеге асырылады.

92. Тұрғын аудандар мен басқа да жалпы пайдалану орындарында бұл жұмыстар, олар кімнің қызметінде болып табылса, соларға жүктеледі.

93. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын ұстау және қызмет көрсетуге келесі іс-шаралар кіреді:

1) берілген параметрлерге сай келетін саны мен сапа көрсеткіші бар қондырғылардың техникалық дұрыс жағдайын ұстау;

2) қондырғылардың регламенттік жұмыс тәртібін қамтамасыз ету, қала әкімімен бекітілген, кесте бойынша дер кезінде қосу мен өшіруді, ішінара немесе толық өшіруді бақылау, олардың жанбай қалған шамдарын шұғыл жою, зақымдану мен басқаларды анықтау.

94. Сыртқы жарықтандырудың жану пайызын және қондырғылар жағдайын анықтау үшін пайдаланатын кәсіпорындармен бақылау тексерулер жүргізіліп, акт

жасалады. Шамдардың жану пайызы 95% аз болмау керек.

95. Сыртқы жарықтандыру қондырығыларының металл тіректері, кронштейндер мен басқа элементтері сыртқы жағдайларына байланысты боялады, бірақ 3 жылда бір реттен кем емес.

## **12. Аумақтарды көркейту мен сауда кәсіпорындарының қас беттерін көркемдеу және халыққа қызмет көрсету жөніндегі пункттерді, оларды тұрғын ғимараттарға орналастыру жағдайының тәртібі**

96. Тұрғын, әкімшілік және басқа ғимараттардың оның маңындағы аумақтардың келбетін сақтау мен жақсарту үшін, оларға сауда кәсіпорындарын, халыққа қызмет көрсету жөніндегі пункттерді, офистер және басқадай нысандар орналастыру кезінде, иелері- меншік түріне қарамастан заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер, олармен өңделген және келісілген жобаға сай ғимараттың қас бетін көркемдеу және маңайындағы аумақтарды көркейту жөнінде кешенді іс-шаралар атқару керек.

97. Кешенді іс-шараларға, жобамен қарастырылған, келесідегідей жұмыстар көлемін орындау кіреді:

- 1) қас бетті әрлеу (бояу, әр түрлі материалдармен қаптау және басқадай);
- 2) ғимараттың жалпы стиліне сай келетін, қанатшалар, маңдайшалар орнату;
- 3) жаяусоқпақтар, кіреберістер мен автомашина тұрақтары үшін алаңдар, төсеніштер, көк шөп шығатын алаңдар салу, жасыл желектер кіретін аумақтарды көркейту бойынша жұмыстар атқару және басқадай;
- 4) отырғыштар, урналар қоршауларын орнату және басқадай;
- 5) ғимарат аумағының маңын және автожолдың жүретін бөлігінің көшелер, алаңдар мен басқа қоғамдық орындарға шығатын ғимараттардың қасбеттеріне көмескі жарық орнату белдігіне дейінгі көшелерді жарықтандыру үшін жеткілікті сыртқы жарықтандыруды (жарықтандырылған жарнамалар) орнату;
- 6) жалпы стильде, қажетті мөлшердегі ақпараттары бар, әдемі жасалған маңдайшадағы жазуларды орнату.

**Ескерту. 97-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.**

98. Ғимаратта бір кәсіпорын орналасқан жағдайда қас беттің барлығы немесе оның бөлігін көркемдеу керек болса (қаланың бас сәулетшісінің келісімі бойынша), сондай-ақ ғимараттың барлық ендігіндегі көшелерді ғимараттан "қызыл сызыққа" дейінгі немесе бөлігіндегі барлық аумақтарды көркейту мен санитарлық жинастыру (қаланың бас сәулетшісінің келісімі бойынша), басқа иелер немесе жалдаушылар пайда болған кезде, шығындары өтеледі. Бірнеше



кәсіпорындар болса, қасбетті көркемдеу, маңындағы аумақтарды көркейту мен санитарлық жинастыру олармен тиісті үлесін бірыңғай сәулет-көркемдік келбетін сақтау және жұмыстарды бір уақытта орындау жүргізіледі

### **13. Ақылы автомобиль тұрақтарын ұстау**

99. Тұрақтар өңделген және бекітілген жобалық-сметалық құжаттар негізінде  
ғ а н а ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

100. Көлік құралдары тұрақтарының төсемі бар қолайлы жеке алаңдары су өткізбейтін жамылғысымен, жол белгілерімен белгіленген, автомобильді қою үшін қарастырылған қалтасы, қоршауы, су қайтарғы жүйелері және тазарту құрылғыларының белгілері, көгалдандырылған, көркейтілінген, жарықтандырылған, диспетчерлік павильон орнатылған, өрт сөндіру құралдары, қалдықтарды жинау және салу үшін контейнерлік алаң болу керек.

Тұраққа кіре берісте тұрақ атауын, жұмыс тәртібін қарастыру қажет.

101. Автокөлік тұрақтарын, автосервис қызметтері және олардың маңындағы аумақтарды ұстау, жинау, қоқыстарды тек контейнерлерге салу олардың меншік иелерімен жүзеге асырылады.

### **14. Жер пайдаланушылар мен қала аумақтарында жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізетін адамдардың міндеттері**

1 0 2 . Ж е р п а й д а л а н у ш ы :

1) қолданыстағы санитарлық нормалармен анықталған, бөлінген және бекітілген аумақтарды, инженерлік жүйелер мен олардың элементтерін тиісті жағдайда ұстауға (құдықтар, люктер, толар, тіректер, насос стансалары, жылу пункттері, трансформатор подстансалары және т.б.);

2) құрылыс қоқыстарын, тұрмыстық қатты қалдықтарды полигондарға (қалалық қоқыс төгетін орындарға) шығару және көмуді қамтамасыз етуге;

3) санитарлық нормаларға сай сұйық қалдықтарды жинағыш тазаланатын  
ш ұ ң қ ы р б о л у ғ а ;

4) өз аумақтарында қажет болған жағдайда уландыру және зиянды кеміргіштерді жоюды жүргізуге (шыбындар, тышқандар, егеу құйрықтарды жою  
ү ш і н ) м і н д е т т і .

103. Қала аумақтарында жөндеу және құрылыс жұмыстарын жүргізетін  
ұ й ы м д а р м і н д е т т і :

1) құрылыс алаңын жүргіншілер қозғалысының қауіпсіздігі үшін ені 1 метрден кем емес қорғаныш маңдайшасы бар биіктігі 2 метрден аз емес тұтас  
ш а р б а қ п е н қ о р ш а у ғ а ;

2) жолдың балшықтануын болдырмау үшін құрылыс алаңдарында қатты төсемдері бар кіреберіс жол салуға;

3) құрылыс кезінде оның учаскелерінде құрылыс аумағынан шыққан автокөлік дөңгелектерімен ластанған автожолдарды және бекітілген аумақ шегіндегі қоршауға іргелес аумағында тазарту жұмыстарын жүргізу;

4) олардың шаңдануын және желмен шаң көтеруін болдырмайтын шараларды сақтап, құрылыс материалдарын сақтауға міндетті.

Ескерту. 103-тармақ толықтырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4; өзгерістер енгізілді - 2005 жылғы 6 маусымдағы N 14/15 шешімдерімен.

## **15. Елді мекендерді санитарлық тазарту бойынша уәкілетті органдар мен қызметтердің міндеттері**

Ескерту. 15-бөлім алынып тасталды - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

## **16. Көлік құралдарының жүргізушілерімен Өскемен қаласын көркейту, санитарлық жағдайын қамтамасыз ету, жерлер мен жасыл желектерді қорғау Ережелерін бұзғаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық істерінің қаралуын қамтамасыз ету**

Ескерту. 16-бөлім жаңа редакцияда - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4; алынып тасталды - 2005 жылғы 6 маусымдағы N 14/15 шешімдерімен.

## **17. Осы Ережемен тыйым салынған іс-әрекеттер**

Ескерту. 17-бөлім жаңа редакцияда - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.

114. Алынып тасталды - Өскемен қалалық мәслихатының 2009.12.30 № 20/6 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) шешімімен.

115. Қала аумақтарында:

1) қаралатын құдықтарға, өзендер мен басқа су айдындарына, көк шөп шығатын алаңдарға, ағаштар мен бұталар түбіне, көшелер, жаяусоқпақтар мен трамвай желілерінің жүретін бөлігіне қоқыс, балшық, қалдықтар, мұз түйіршіктерін, ластанған қарды тастауға;

2) көшеге, далаға, орманды аймақтарға, жол бойынша, өзендер мен басқа су айдындарына және бұл мақсаттарға бөлінбеген барлық басқа жерлерге құрылыс,

тұрмыс және тамақ қалдықтарын тастауға;

3) көшелерде, өзендер мен басқа су айдындарында, су құбыры мен құдықтар маңында, тұрғын ғимараттар аулаларында машина, трактор жууға;

4) көшелерде, аулалар мен басқада қозғалмалы сауда жабдықтарын, сауда аяқталған соң жинауға жататын, жиналған қоқыс, лас қалдықтар, балшық, мұз түйіршіктері мен қар, құрылыс және басқа қалдықтарды шығармай қалтырып к е т у г е ;

5) көшелерге құрылыс материалдарын, отын, көмір үюге;

6) өндірістік қалдықтармен өзендер және басқа суайдындарын ластауға;

7) бөлінбеген жерлерге дүңгіршектер, дүкеншелер, павильондар орнатуға;

8) үйлердің қабырғаларына, көшелерді жарықтандыру бағандарына, ағаштар мен басқа да бөлінбеген жерлерге әр түрлі хабарландырулар ілуге;

9) аулалар мен көшелер аумақтарына жуынды, лас қалдықтар төгуге, қоқыс пен ж а п ы р а қ т а р д ы ө р т е у г е ;

10) су құбырлары, жылу желілері, кәріздер апатын жою кезінде жаңбыр суы ағатын кәріздерге қыс кезінде су қашыртуға;

11) қала аумақтарын ластайтын, жүк дұрыс тиелмеген, шанағында ақауы бар к ө л і к т і ң ж ү р у і н е ;

12) ашық шанақтарда қапсыз, төгілетін жүктерді, шикізат пен макулатураны т а с у ғ а ;

13) құрылыс алаңдарын қоршауда көшенің "қызыл сызығына" шарбақты шығарып о р н а т у ғ а ;

14) қала аумақтарын өз еркімен қазуға;

15) инженерлік жүйелердегі апатты жойғаннан кейін қазылған жерлерді т о п ы р а қ п е н ж а б у ғ а ;

16) қала аумақтарын санитарлық тазарту бойынша жұмыстар атқарудың м е р з і м і н б ұ з у ғ а ;

17) контейнерлерге тұрмыстық бағыттағы ірі көлемді заттар және құрылыс материалдарын тастауға, контейнерлерге сұйық лас қалдықтарды төгуге, онда қ о қ ы с ө р т е у г е ;

18) саябақтарда, саубауларда өкілетті органның рұқсатынсыз, мемлекеттік қорғауға жататын нысандарда үнемі немесе уақытша құрылыс салуға учаскелер б ө л у г е ;

19) экологияға зиян келтіретін, басқа іс-әрекеттерге.

**Ескерту. 104 тармақ Ережелері 115 тармаққа ауыстырылды - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13 /4 шешімімен.**

## **18. Осы Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік**

Ескерту. 18-бөлім жаңа редакцияда - III шақырылған Өскемен қалалық мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 14 сәуірдегі N 13/4 шешімімен.

116. Осы Ережелерді бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының әкімшілік заңнамасымен қарастырылған, санкциялар қолданылады.

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК